

"Альянс Банк" акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы
жиналысының шешімінде (2014 жылғы "30"
желтоқсандағы № 02/14 хаттама)

Б Е К І Т І Л Д І

Корпоративтік басқару КОДЕКСІ

Алматы қаласы

2014 жыл

Осы "ForteBank" АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі (әрі қарай – Кодекс) корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибелерді, Банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің "Кредиттік ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру" ұсынымдарын, қазақстандық корпоративтік тәртіптің ең жақсы тәжірибесін, іскерлік айналымның озық дәстүрлерін және іскерлік этиканың қағидаларын ескерумен, Қазақстан Республикасының заңнамасына, "ForteBank" акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес жасалды және "ForteBank" акционерлік қоғамының (әрі қарай – Банк) өз акционерлерімен, сонымен қатар Банк органдарымен және лауазымды тұлғаларымен қарым-қатынасын реттейтін нормалар жинағы болып табылады.

Мәтін бойынша Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

1 бап. Жалпы ережелер

1. Банк корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін арттыру, беделін нығайту, капиталды тарту үшін шығынды азайту, өзінің нарықтық бағасын көтеру құралы ретінде қарастырады.
2. Банк осы Кодекс нормаларын ерікті түрде қабылдайды және Банк акционерлерінің барлығының мүдделерін қорғау, Банк қызметінің айқындығын қамтамасыз ету және Банк Директорлар Кеңесінің (әрі қарай - Директорлар Кеңесі) және Банк басқармасының (әрі қарай - Басқарма) қызметінің тиімділігін арттыру арқылы бар және әлеуетті инвесторлар үшін өзінің қызықтырушылығын арттыру мақсатында оны ұстанады.
3. Осы Кодексте белгіленген нормалар Қазақстан Республикасы заңнамасында және Жарғыда белгіленген корпоративтік басқару нормаларын толықтырушы және/немесе айқындаушы болып табылады.
4. Банк осы Кодекс нормаларын (тікелей немесе ұқсастығына қарай) тек өзінің акционерлеріне қарым-қатынаста ғана емес, сонымен қатар басқа да мүдделі тұлғалармен – өз клиенттерімен, серіктестерімен, контрагенттерімен, қызметкерлерімен, Банкке қатысты реттеу және бақылау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік орган өкілдерімен, басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынаста да басшылыққа алады.

2 бап. Банктегі корпоративтік басқарудың принциптері

1. Банктегі корпоративтік басқару әділ, адал, жауапкершілік, ашықтық, айқынды, кәсіпқой және біліктілік негіздерінде құралады.
2. Осы бапта мазмұндалған корпоративтік басқару принциптері Банктегі корпоративтік басқару саласындағы қарым-қатынаста сенімділік қалыптастыруға бағытталған және осы Кодекстің барлық келесі нормалары үшін идеологиялық негіз болып табылады.
3. Банктегі корпоративтік басқару келесі негізгі принциптерге негізделді:
 - 1) Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
 - 2) тиімді басқару;
 - 3) есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік;
 - 4) Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашудағы айқындылық және объективтілік;
 - 5) заңды, әдепті және адам құқықтарын сақтау;
 - 6) тиімді дивидендтік саясат;
 - 7) тиімді кадрлық саясат;
 - 8) қоршағана ортаны қорғау;
 - 9) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің дамуына белсенді ат салысу.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылғы 29 сәуірдегі шешіміне (жиналыстың № 01/25 хаттамасы) сәйкес 2-баптың 3-тармағының 5-тармақшасы өзгертілді.

3 бап.

Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі

Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі дегеніміз Банк өз акционерлерінің келесі іргелі құқықтарының (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында белгіленген Банктің ірі акционерлерінің арнайы құқықтарын есепке алмағанда) жүзеге асырылуын қамтамасыз ететіндігі:

- 1) оларға тиесілі Банк акцияларына иелік ету, пайдалану және билік ету құқығы;
- 2) Банк және оның қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі нормативті құжаттарында белгіленген көлемде, мерзімде және тәртіпте алу құқығы;

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 3-баптың бірінші азат жолының 2-тармақшасы өзгертілді.

- 3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу арқылы Банкті басқаруға қатысу, онда қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беру және сөз сөйлеу құқығы;
- 4) күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшесін немесе мүшелерін сайлау мәселесі бар Банк акционерлерінің жалпы жиналысына бұндай сайлау үшін кандидатура ұсыну құқығы;
- 5) өздеріне тиесілі Банк акциялары бойынша дивиденд түріндегі Банк табысының үлесін алу құқығы;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Жарғыда белгіленген басқа да құқықтар.

4 бап.

Тиімді басқару принципі

Тиімді басқару принципі дегеніміз:

- 1) Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын жүзеге асыруы, Директорлар кеңесі тарапынан Басқарма қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз ету, сонымен қатар Директорлар кеңесінің Банк акционерлерінің жалпы жиналысына есеп беруге міндеттілігі;
- 2) Банкте қолданылатын менеджмент саясатының ұзақ мерзімді бағдары бар және ол Банктің акционерлік бағасын жоғарылатуға бағытталған;
- 3) Банкте жиі Банк қызметінің жеке бизнес-бағыттарын және жалпы Банкті дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялары жасалады, бекітіледі және қажет болған жағдайда актуалданады;
- 4) Банк Банк стратегиясын оның акционерлерінің қабылдауы және бағалауына мониторинг жүргізеді;
- 5) Банк менеджментінің сыйақысы ұзақ мерзімді даму мақсатына жетуге және стратегиялық мәселелерді шешуге де байланысты;
- 6) Банк активтерін көбейту, ол жүзеге асыратын банктік операциялардың табыстылығын арттыру және Банк пайдалылығын қолдау мақсатында Басқарманың өз акционерлерімен, клиенттермен, серіктестермен белсенді ынтымақтастық.

5 бап.

Есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік принципі

Есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік принципі дегеніміз:

- 1) Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жалпы жиналысына есеп беруге міндетті және қабылдаған шешімдері үшін Банк акционерлерінің алдында фидуциарлық жауапты;
- 2) Басқарма Директорлар кеңесіне және Банк акционерлерінің жалпы жиналысына есеп беруге міндетті және Банк ресурстары мен мүлкін тиімді пайдалануы үшін олардың алдында жауапты.

6 бап.

Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашудағы айқынды және объективті болу принципі

1. Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашудағы айқындылық және объективтілік принципі сыртқы қолданушылардың (соның ішінде акционерлердің, клиенттердің, контрагенттердің, Банк серіктестерінің, бар және әлеуетті инвесторлардың, рейтинг агенттіктерінің, Банк бағалы қағаздарының листингі жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылған қор биржаларының, Банкке қатысты реттеу және қадағалау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының) Банк және оның қызметі туралы қолжетімді, актуалды, шынайы және түсінікті ақпаратты қажетті әрі жеткілікті көлемде алуына бағытталған.

Теңдестірілген ақпараттық ашықтық коммерциялық, қызметтік, банктік және басқа да заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәселелерден басқа, Банкті корпоративті басқарудың айқындылығын қамтамасыз етуге міндеттелген.

2. Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашудағы айқынды және объективті принципі дегеніміз:

- 1) Банк акционерлері мен инвесторларына (соның ішінде әлеуеттілерге де) Қазақстан заңнамасында және Банктің ішкі нормативті құжаттарында белгіленген тәртіпте Банк акционерлері мен инвесторларына сәйкес шешім қабылдау үшін қажет Банк және оның қызметі туралы ақпаратты еркін әрі ауыртпалықсыз алуына мүмкіндік беріледі;

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 6-баптың 2 тармағының 1-тармақшасы өзгертілді.

- 2) Банк Банк акционерлері мен инвесторларының құқықтары мен заңды мүдделеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары және келешегі туралы ақпаратты уақытында жариялайды;
- 3) Банк тізімі Директорлар кеңесімен белгіленетін құпия ақпаратты қорғау бойынша шараларды сақтай отырып, жүйелі түрде өз қызметіндегі елеулі корпоративтік әрекеттер және/немесе жайттар туралы ақпаратты жариялайды.

7 бап.

Заңдылық пен әдепті болу және адам құқықтарын сақтау принципі

Заңдылық пен әдепті болу және адам құқықтарын сақтау принципі дегеніміз:

- 1) Банк қолданыстағы заңнамаға, Жарғыға, іскерлік айналымның дәстүрлеріне, іскерлік этиканың қағидаларына, шарттық міндеттемелерге және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қатаң сәйкестікте әрекет етеді;

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 7-баптың бірінші азат жолының 1-тармақшасы өзгертілді.

- 2) Банктің ішкі нормативтік құжаттары іскерлік айналымның дәстүрлерін және іскерлік этиканың қағидаларын ескере отырып, қолданыстағы заңнама нормалары негізінде дайындалды;

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 7-баптың бірінші азат жолының 2-тармақшасы өзгертілді.

- 3) Банк шетелдік және қазақстандық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша тәуелсіз заң кеңесшілерін тарта алады;
- 4) Банк корпоративтік дауларды болдырмауға тырысады.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылғы 29 сәуірдегі (жиналыстың № 01/25 хаттамасы) шешіміне сәйкес 7-баптың атауы және 7-баптың бірінші абзацының кіріспесі өзгертілді).

8 бап. Тиімді дивидендік саясат принципі

Тиімді дивидендік саясат принципі дегеніміз:

- 1) Банктің дивидендік саясаты Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер мөлшерін белгілеу механизмінің, оларды есептеу және төлеу тәртібінің айқындылығын қамтамасыз етеді және Банк акционерлерінің әл-ауқатын арттыруға және оның капитализациясын көбейтуге бағытталған;
- 2) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер есептеу және төлеу Банк бизнесінің нақты жағдайындағы бұндай есептеулер мен төлемдер үшін жағдайдың бар екендігі туралы сенімді ақпаратқа сүйене отырып жасалады.

9 бап. Тиімді кадрлық саясат принципі

Тиімді кадрлық саясат принципі дегеніміз:

- 1) Банктегі корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған Банк қызметкерлерінің құқығын қорғау қажеттілігін ескере отырып құралады және әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек жағдайын реттеуде Банк пен оның қызметкерлері арасында серіктестік қарым-қатынасты дамытуға бағытталған;
- 2) Банк кадрлық саясатының негізгі аспектілерінің бірі жұмыс орнын сақтау, Банктегі жұмыс жасау жағдайын жақсарту, Банк қызметкерлерін әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау және Банктің өз қызметкерлері алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін әрі қарай дамыту болып табылады
- 3) Банктегі корпоративтік басқару еңбек ұжымында жайлы атмосфера қалыптастыруға және Банк қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған;
- 4) Банк кадрларды басқару және қызметкерлерді дамыту жүйелерін әрі қарай жетілдіру бойынша тиімді шаралар қолданады.

10 бап. Қоршағана ортаны қорғау принципі

Қоршағана ортаны қорғау принципі дегеніміз:

- 1) өз қызметін жүзеге асыру барысында Банк қоршаған ортаға қамқорлықпен және орынды қарауды қамтамасыз етеді;
- 2) Банктің ішкі нормативтік құжаттарында экологияға, адам өміріне және денсаулығына зиян келтіретін жобаларды Банктің қаржыландыруына тыйым салынған нормалар көрсетілген.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 10-баптың бірінші азат жолының 2-тармақшасы өзгертілді.

11 бап. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің дамуына белсенді ат салысу принципі

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің дамуына белсенді ат салысу принципі дегеніміз:

- 1) Банк Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі болып табылады;
- 2) Банк қаржы саласындағы заңнаманы және құқық қолданушылықты жетілдіру мәселелері бойынша бастамалардың белсенді қатысушысы немесе бастамашысы болып табылады.

12 бап.

Банк акционерлерінің құқықтарын қамтамасыз ету

1. акционерлерінің Қазақстан заңнамасында белгіленген құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Банк:
 - 1) Қазақстандағы жалғыз мамандандырылған ұйым – тіркеушімен Банк акционерлерінің тізілім жүйесін жүргізу арқылы Банк акционерлерінің банк шығарған акцияларға меншік құқығының қауіпсіз, сенімді және шынайы есепке алынуын қамтамасыз етеді;
 - 2) өз акционерлерінің өздеріне тиесілі Банк акцияларын пайдалануға (соның ішінде бұл акцияларды иелігіннен шығаруға) кедергі жасамайды;
 - 3) жарияланатын Банк акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын немесе Банкпен сатылымға шығарылған өзі ертерек сатып алған өз акцияларын немесе Банк акцияларына айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алудың Банк акционерлеріне ыңғайлы тәртібін қолданады;
 - 4) Жарғыға сәйкес өз акционерлеріне Банк акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілу күні, уақыты және орны туралы уақытында хабарлайды;
 - 5) Банк акционерлерінің Банк акционерлерінің жалпы жиналысын немесе Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап ету, Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін толықтыру бойынша ұсыныстар енгізу, Директорлар кеңесіне сайлану үшін кандидатуралар ұсыну, Банк акционерінің есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап ету құқығын жүзеге асырудың оларға ыңғайлы тәртібін қолданады;
 - 6) Банк акционерлеріне олардың Банк қызметі туралы жазбаша сұранысына Банк Жарғысының 20 бабына сәйкес дәлелді жауаптар береді.
2. Банк акционерлерінің Банкті басқаруға қатысу бойынша және оның қызметі туралы ақпаратты алу бойынша құқығын қамтамасыз ету бойынша негізгі шаралар осы Кодекстің келесі баптарында келтірілді.
3. Банк оның акционерлері оларға берілген құқықтарды теріс пайдаланып, Банктің басқа акционерлеріне және/немесе Банктің өзіне зиян келтіруге бағытталған әрекеттерді жасамайды деп сенеді.

13 бап.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақырту, дайындау және өткізу Қазақстан Республикасы заңнамасында реттеледі.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақырту және дайындау кезеңдерін өз акционерлеріне оған қатысуға тиісінше дайындалуға және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша негізделген пікірлер шығаруға мүмкіндік беретіндей түрде жоспарлайды және жүзеге асырады.
2. өз акционерлерінің Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу арқылы Банкті басқаруға қатысу құқығын қамтамасыз ету мақсатында Банк келесідей шараларды қолданады:

- 1) Банк есеп комиссиясының мүшелерін жеке тұлғалар – Банк акционерлері және Банк акционерлерінің өкілдері және/немесе Банк қызметкерлері қатарынан сайлау;
 - 2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеудің Банк акционерлерінің және олардың өкілдерінің жиналысқа қатысуына кедергі келтірмейтін тәртібін (осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) қолдану;
 - 3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің жиналысқа қатысушылардың жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға, жиналыстың күн тәртібі бойынша өз пікірін айту және оларды қызықтыратын сұрақтарды қоюға тең мүмкіндіктерге кепілдік беретін тәртібін қолдану.
3. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде ол Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу ниетін білдірген оның кез келген акционері ондай мүмкіндікке ие болуы тиіс деген қағиданы басшылыққа алады және бұл қағидаға сүйене отырып бұндай тіркеуді келесідей жүзеге асырады:
- 1) тіркеу Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күні және сол жерде жүргізіледі;
 - 2) тіркеуге ниет білдірген Банк акционерлерінің және Банк акционерлерінің өкілдерінің барлығын тіркеу үшін жеткілікті уақыт беріледі.
4. Банк Банк акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындысын жасаудың дұрыстығына күмән болдырмауға тырысады және осы мақсатта жиналыс аяқталғанға дейін дауыс берудің қорытындыланып, жариялануын қамтамасыз етеді.

14 бап.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің сандық құрамы құрылымдық пікірталастарды реттеуге, жылдам әрі сараланған шешімдер қабылдануына, сонымен қатар Директорлар кеңесінің тиімді қызмет етуіне ықпал етуі тиіс.

15 бап.

Басқарма

1. Басқарманың сандық және дербес құрамы мәселелерді өнімді және сындарлы талқылауды, уақытылы әрі сараланған шешімдер қабылдауын қамтамасыз ететіндей етіп белгіленеді.
2. Басқарма Төрағалығына немесе мүшелігіне сайланатын тұлға Банктің күнделікті қызметін саналы, адал және тиімді басқару үшін қажетті біліктілікке, дағдыға, жеке қасиеттерге және беделге ие болуы керек.
Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 15-баптың 2-тармақшасы өзгертілді.
3. Басқарма мүшелері олардың мүдделері мен Банк мүддесі арасында жанжал туындатуы мүмкін әрекеттер жасаудан бас тартуы тиіс, ал бұндай жанжал туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесіне хабарлауға міндетті.
4. Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма Төрағасының және мүшелерінің сыйақы мөлшерлемелері олардың біліктілігіне, жауаптылық саласына сәйкес келуі керек және олардың Банк қызметінің нәтижесіне нақты үлесін ескеруі тиіс..
5. Басқарма мүшелері өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін және Банк туралы құпия, қызметтік және инсайдерлік ақпараттарды қолдану туралы ережені өз мүддесі үшін және үшінші тұлғалар мүддесі үшін бұзғаны үшін жауапты.
6. Басқарма акционерлер, клиенттер, серіктестер, қызметкерлер және басқа тұлғалар алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді және Банктің тиімді дамуын

қамтамасыз ететін міндеттерді адал әрі жетік орындау өзінің басты мақсаты деп есептейді.

16 бап. Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы қарым-қатынас. Банктің Корпоративтік хатшысы.

1. Тиімді корпоративтік басқару Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында ашық диалог болғанын талап етеді. Осы мақсатта Банк Басқарма Төрағасының және Басқарманың Директорлар кеңесіне кезеңдік есептерді (ақпараттарды) ұсыну реті бойынша нақты реттеленген тәртіпті енгізеді. Бұл үрдісті ұйымдастыруда басты рөл Банктің Корпоративтік хатшысында (әрі қарай – Корпоративтік хатшы).
2. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жиналысын дайындау және өткізу тәртібін сақтау, Банк туралы ақпаратты ашу және ұсыну кезінде маңызды рөлге ие, себебі дәл осы рәсімдерді сақтамаған жағдайда акционерлердің көптеген құқықтары мен мүдделерін бұзылады.
3. Корпоративтік хатшы Банктің сәйкес органдарының акционерлердің жолданымдарын тиісінше қарауын және олардың құқықтарын бұзуға байланысты жанжалдарды шешуін қамтамасыз етеді. Банк органдарының бұндай жолданымдарды уақытында қарауын қадағалау Корпоративтік хатшыға жүктеледі.
4. Корпоративтік хатшы оның құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне кеңес беруді өткізуді ұйымдастыру үшін жауапты болып табылады.
5. Банктің Корпоративтік хатшысының мәртебесі, қызметі және міндеттері Корпоративтік хатшы туралы ережеде белгіленеді.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 17 бабы алынып тасталды.

18 бап. Банк туралы ақпаратты жариялау

1. Банк өз қызметі туралы, оның ішінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты акционерлерге, әлеуетті инвесторларға және өзге де мүдделі тұлғаларға уақтылы ұсынуды /ашуды қамтамасыз етеді.
 - 1-1 Банктің корпоративтік оқиғалары деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай деп танылатын оқиғалар танылады.
 - 1-2. Корпоративтік оқиғалардың маңыздылығын назарға ала отырып, Банк акционерлерге Банк үшін салдары болуы мүмкін іс-әрекеттер туралы ақпаратты тиісінше ашуға негізделген ашық және әділ рәсімді белгілеу арқылы олардың жасалуына ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 18 баптың 1 тармағына өзгерістер енгізілді.
2. Банк туралы ақпаратты жариялаудың негізгі қағидаттары:
 - 1) оны ұсынудың жиілігі және жылдамдығы;
 - 2) ақпараттың акционерлердің көбі үшін және өзге мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді боуы;
 - 3) оның мазмұнының дұрыстығы және толықтығы;
 - 4) Банктің ашықтығы мен оның коммерциялық мүдделерін сақтау арасындағы орынды баланстың сақталуы.

3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органның¹ нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес қаржы есептілігі депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарындағы корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашады. Ақпаратты ашу деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оған барлық мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету түсініледі.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 18 баптың 3 тармағына өзгерістер енгізілді.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 18-баптың 3-тармағының бірінші абзацы өзгертілді.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 18-баптың 3-тармағының бірінші абзацы өзгертілді.

Банктің ақпаратты ашу тәртібі, Банктің ашуға жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Банктің қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының интернет-ресурстарында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 18-баптың 3-тармағының екінші абзацы өзгертілді.

4. Банк туралы ақпаратты жариялаудың негізгі түрлері:
 - 1) эмиссия проспекті;
 - 2) бағалы қағаздар бойынша есептер;
 - 3) Банктің жылдық есебі;
 - 4) Банк акционерлері үшін маңызды мәнге ие фактілер туралы хабарламалар;
 - 5) қаржылық есеп.
5. Жарияланатын ақпаратты тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2017 жылғы 07 желтоқсандағы шешіміне (№ 02/17 жиналыс хаттамасы) сәйкес 18 баптың 5 тармағы өзгертілді.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 18-баптың 5 тармағы өзгертілді.

6. Банк банктік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қорғайды. Бұндай ақпаратқа рұқсат және оны қолдану талаптары Банктің ашықтығы мен оның мүддесіне және оның клиенттерінің мүдделеріне нұқсан келтірмеуге талпыну арасында орынды баланс сақтау қажеттігін ескере отырып, қолданыстағы заңнама негізінде Банкпен белгіленеді.
7. Жарияланатын ақпараттың мазмұны үшін және оның уақытында жариялануы үшін Банк Басқармасы жауапты.

¹ Бұл жерде және әрі қарай уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұғынылады.

19 бап.

Банктің қаржы-шаруашылық қызметін қадағалау

1. Қаржы-шаруашылық қызметін қадағалаудың негізгі мақсаты акционерлердің, клиенттердің қаражаттарын, сонымен қатар Банк активтерін қорғау болып табылады.

Қадағалау заңнама, Жарғы және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 19-баптың бірінші абзацы өзгертілді.

2. *Бұл тармақ -Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес алынып тасталды.*

3. Акционерлер тарапынан Банктің қаржы-шаруашылық қызметін қадағалауды жүзеге асыру мақсатында акционерлердің жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына және Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес әрекет ететін тәуелсіз аудиторлық ұйым белгіленеді.

Тәуелсіз аудиторлық ұйымның есебі (қорытындысы) Банк акционерлерінің назарына акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылады және Банктің жылдық есебіне қосымша тіркеледі.

4. Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімді қадағалануын қамтамасыз ету үшін Банкте Банктің барлық шаруашылық операцияларын жүзеге асырудың тәртібін ішкі бақылау жүзеге асырылады.

5. Банк мынадай өзара байланысты элементтерге негізделген ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдерін әзірлейді:

- 1) тәуекелдерді басқаруды бақылау;
- 2) Бақылау әрекеттері және өкілеттіктерді бөлу;
- 3) Ақпарат және өзара іс-қимыл; 4
- 4) кемшіліктерді бақылау және түзету;

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 19- баптың 5 тармағы өзгертілді.

6. Директорлар кеңесі ішкі бақылау рәсімін бекітеді, тиімділігін бағалайды және Банктегі ішкі бақылау рәсімін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды, ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі нормативті құжаттарды бекітеді, Банктің Ішкі аудит қызметінің есебін тыңдайды.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 19- баптың 6 тармағы өзгертілді.

7. Ішкі аудит қызметі Банктің процестері мен бағыттарының ішкі аудиті шеңберінде ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бағалайды.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 19- баптың 7 тармағы өзгертілді.

8. Банкте жиі аудиторлық ұйым және/немесе аудиторлық ұйым серіктесі ауыстырылып тұрады.

20 бап.

Банктегі корпоративтік жанжалдарды реттеу

1. Банк Банк органдары мен оның акционерлері арасындағы, сонымен қатар, егер бұндай жанжал Банк мүддесіне қатысты болса, акционерлер арасындағы жанжалдың мезгілінде алдын алу және оны реттеу бойынша шаралар қолданады.

Жанжалдардың алдын алу заңнаманы сөзсіз ұстану, сонымен қатар Банк акционерлерімен қарым-қатынаста адал және орынды тәртіп арқылы жүзеге асырылады.

2. Банктің акционерлермен жұмыс жасау бойынша жауапты қызметкері акционерлерден келіп түскен жолданымдарды, хаттарды, арыздарды және ұсыныстарды тіркейді, оларға алдын ала баға береді және бұл жолданым мәндерін қарау соның құзыретіне жататын Банк органына тапсырады.

Акционерлердің барлық жолданымдарына толық тыңғылықты жауаптар дайындалады, ал акционерге оның өтініші қанағаттандырылмайтындығы жайында жауап жолданған жағдайда онымен бірге қанағаттандырылмауының дәлелді себептері хабарланады.

3. Корпоративтік жанжалды реттеу кезіндегі Банк органдарының негізгі мақсаты заңды әрі негізделген болып, Банк мүддесінен шығатын шешімді табу болып табылады.

4. Корпоративтік жанжалдарға қатысты Банк келесі қағидаттарды ұстанады:

- 1) Корпоративтік жанжалдағы Банк позициясы Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына негізделеді;
- 2) Банк корпоративтік жанжалдарды сотқа дейін реттеуге тырсады;
- 3) Банк жанжалдарды тезарада анықтау бойынша шаралар қолданады және Банк органдарының жанжалды қысқа мерзімде шешу бойынша әрекеттерінің нақты координациясын жүзеге асырады;
- 4) Банк міндетті түрде акционерге толық тыңғылықты дәлелді жауап береді;
- 5) жанжалды реттеу бойынша жұмыс тікелей келіссөздер немесе хат алмасу арқылы Банк акционерінің тікелей қатысуымен жүргізіледі.

5. Олар бойынша шешім қабылдау Банктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдар Басқармамен реттелуі тиіс.

6. Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдар Директорлар кеңесімен реттелуі тиіс.

7. Төрағаның немесе Басқарма мүшелерінің мүдделеріне қатысты немесе қатысты болуы мүмкін корпоративтік жанжалдар Директорлар кеңесінің қарауына беріледі.

Жанжал оның мүддесіне қатысты немесе қатысты болуы мүмкін Директорлар кеңесінің мүшелері бұндай жанжалды реттеу бойынша жұмысқа қатыспайды.

8. Банк немесе оның басқа акционерлерінің мүддесіне қатысты болуы мүмкін корпоративтік жанжал туындаған жағдайда, бұл жанжалды қарастыру үшін жауапты Банк органы бұл дау Банк мүддесіне қатысты ма, жоқ па және оның қатысуы бұндай жанжалды реттеуге себепкер бола алады ма деген мәселені шешеді.

9. Корпоративтік дауларда тараптар болып табылатын акционерлердің рұқсатымен Банк органдары акционерлер арасындағы келіссөздерге қатыса алады, акционерлерге олардың иелігіндегі және жанжалға қатысты ақпаратты және құжаттарды бере алады, заңнама нормаларын және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін түсіндіре алады, кеңес бере алады, акционерлердің қолын қойғызу үшін жанжалды реттеу туралы құжаттар жобаларын дайындай алады, Банк атынан өз құзыреті шегінде жанжалды реттеуге септігін тигізе алатын шамада акционерлер алдында міндеттемелерді қабылдай алады.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне (жиналыстың № 04/18 хаттамасы) сәйкес 20- баптың 9 тармағы өзгертілді.

10. Мүдделер қақтығысын барынша азайту мақсатында банк мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі рәсімді жүзеге асырады, ол оны іске асыру тетіктерін, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі саясатқа және корпоративтік мінез-құлық кодексіне сәйкес орындалуын бақылауды қамтиды.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 20-бабы 10-тармағымен толықтырылды.

21 бап.

Қорытынды ережелер

1. Қазақстан заңнамасында өзгерістер болған жағдайда, сонымен қатар корпоративтік басқарудың әлемдік және қазақстандық тәжірибесіндегі жаңа тенденцияларды ескере отырып Банк осы Кодекс ережелерін қайта қарастыратын болады.
2. Осы Кодекс ережелерін сақтау және оның ережелерінің Банк қызметіне сәйкестігіне мониторинг жасау, сонымен қатар Кодекс ережелерін белсенді түрде жұмыс тәжірибесіне енгізу мақсатында Банк келесілерді орындау жөн деп есептейді:
 - 1) осы Кодексті жеке құжат түрінде барлық тұлғаларға өзінің интернет-сайтында орналастыру арқылы ұсыну;
 - 2) Банктің жылдық есебінде Банктің осы Кодекс ережелерін қаншалықты сақтап жүргендігі туралы ақпаратты жариялау;
 - 3) Банктің бағалы қағаздары бойынша ашықталатын қосымша елеулі жалпы ақпарат құрамында осы Кодекстің нақты ережелерін сақтау туралы ақпаратты жариялау;
 - 4) Директорлар кеңесінің оның отырыстарында Банктің осы Кодекс ережелерін қолдану мәселелерін, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және корпоративтік тәртіптің халықаралық тәжірибесіне сәйкес келуін қарастыру.
3. Акционерлер, Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, Банк қызметкерлері және өзге де мүдделі тұлғалар осы Кодексті бұзудың барлық фактілері туралы Директорлар Кеңесінің Төрағасына және/немесе Басқарма Төрағасына, сондай-ақ қызметкерлердің Корпоративтік мінез-құлық кодексінде айқындалған тәртіпте хабарлауға құқылы.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 16 қазандағы шешіміне (жиналыстың № 02/20 хаттамасы) сәйкес 20-бабы

4. Осы Кодекстің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және Жарғыға қайшы келетін нормалары жарамсыз болып табылады.